ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ «А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті»
Ө. Сұлтанғазин атындағы
Педагогикалық институт

«Бекітемін»
директор
_________ Ахметов Е.А.
«29» қыркүйек 2021 ж.

Тілдер және әдебиет теориясы кафедрасы

# «6В01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
## 2021-2026 жылдарға арналған
# ДАМУ ЖОСПАРЫ

Қостанай, 2021

## Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Қазіргі қоғам тек тіл мен әдебиетті оқытып қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлауы мен коммуникативтік дағдыларын дамыта алатын, рухани-мәдени тұрғыдан жаһандану жағдайға сәйкес жоғары білікті мамандарды талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау бағдарламасы қазіргі заманауи шындыққа бағытталған сапалы білім беруді қамтамасыз ете отырып, осы талаптарға жауап береді.

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша кадрларды даярлау 07.11.2023 жылғы № KZ41LAA00035547 001 қосымша лицензиясы негізінде және сәйкес жүзеге асырылады:

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығының маңызы мен өзектілігі бірнеше факторларға байланысты:

**1. Қазақ тілі және жаһандану.** Бүгінгі әлем жаһанданып экономикалық, саяси-әлеуметтік интеграция маңызды үрдіске айналып отыр. Осы орайда Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінде өзгерістерді бастан кешіруде. Мұнда ұлттық білім беру жүйесі жалпы адамзаттық құндылықтарға, халықаралық ынтымақтастыққа бағытталып, жаңаша мақсаттарды бағдарлауды талап етуде. Осы орайда «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша кадрларды даярлауда болашақ мұғалімдер аналитикалық ой-өрісті, жаһандық әрі ұлттық құндылықтарды байланыстырушы, өз құндылықтарын сақтаған ұлтты қалыптастырушы мамандар. Олар қазақ тілінің сақталуы мен дамытына әсер етеді.

**2. Білім беру стандарттары**. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту-жандандыру аясында және өз құндылықтарын сақтаған ұлтты қалыптастыруда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға қойылатын талаптар күннен күнге артуда. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері оқушыларға сыни ойлау, тілдік қарым-қатынас және сауатты жазу мен сауатты сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

3. **Әдеби мұра.** Елміздің білім беру жүйесінде ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінен жеке адамды қалыптастыру мен дамытуға қажетті жағдай жасауды қамтамасыз ету болса, қазақ әдебиетінің мол мұрасын оқытуда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері оқушыларды классикалық және заманауи шығармалармен таныстыруда, олардың әсемдік талғамы мен эстетикалық қабылдауы, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін дамытуда маңызды рөл атқарады.

4. **Көптілділік және мәдени әртүрлілік.** Ұлттық құндылықтың күретамыры - қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі тек қазақ ұлтына керек. Заман талабына сай қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту маңызды, өзекті әрі Қазақстандағы көптілділік жағдайында қазақ тілін экспанцияға ұшыраудан сақтайды.

5. **Әлеуметтік орта және қазақ тілі**: Әлеуметтік-тілдік зерттеу мен оны оқыту қазақ тілінің қоғамдағы рөлі мен орнын нақтылайды.Тіл - ұлт болмысы мен ұлттық ой-сананың көрінісі. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері білім алушыларға әртүрлі қоғамдық ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасауды меңгертеді, мәдени әртүрлілікті құрметтеуге ықпал етеді.

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ білім берудің мақсаты- піл мен әдебиет саласында жүйелі білім қалыптастыра алатын, оқу үрдісін заманауи талаптарға сәйкес деңгейде ұйымдастыру қабілетіне ие, ғылыми зерттеулерді, жобалық жұмыстарды жүзеге асыра алатын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін дайындау;

Білім беру бағдарламасы оқу процесін ұйымдастырудың кредиттік-модульдік жүйесі негізінде құрылады.

ББ бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1-Модуль. Тарихи-философиялық білім беру және рухани жаңғыру модулі
2-Модуль. Тіл модулі
3-Модуль. Жаратылыстану - математикалық ғылыми модулі
4-Модуль. Іргелі дайындық модулі
5-Модуль. Әдебиеттану және әдебиет тарихы модулі
5-Модуль. Инклюзивті білім берудегі технологиялар модулі
Модуль 6. Кәсіби модуль және қашықтықтан білім беру технологиялары
Оқыту нәтижелері құзыреттілік арқылы көрсетіледі және Дублин дескрипторлары негізінде жобаланады. Негізгі құзыреттер пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларында, модульдік білім беру бағдарламасында көрінеді. Оқыту нәтижелері:

ОН1 – Қоғамның мультимәдениеттілігі және лингвистикалық қажеттілігі негізіндегі ынтымақтастық дағдыларын қолдана отырып, әртүрлі қарым-қатынастың кәсіби-этикалық нормаларын меңгереді; ана тілін және шетел тілдерін қолданады; қойылған мақсатқа сәйкес оқыту әдістерін саралай отырып оқу материалы мазмұнын талдау негізінде оқу сабақтарын құрастырады.

ОН2 –Жоғарғы оқу орнында математикалық, жаратылыстану ғылымдары пәндерін оқу үрдісінде алынған білім беру әлеуетін, тәжірибесі және жеке тұлғалық қасиеттерін көрсетеді,әдістерді анықтайды, кәсіби міндеттердің шешімін бағалайды және бақылайды, математикалықжәне жаратылыстану ғылыми ойын дамытады.

ОН3 –Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып қоғамдағы түрлі өзгерістерге сәйкес кәсіби қызметі аясындақажетті жұмыстарды жүзеге асырады.

ОН4 – Инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырады; мәдени мұранытүсінеді және құрметтейді; әлеуметтік, этикалық және ғылыми негіздегі пайымын қалыптастыруүшін ақпараттарды жинау және интерпретациялауды жүзеге асырады; әртүрлі тілдік жағдайларға бейімделген; көркем мәтінді жасау заңдылықтарын біледі.

ОН5– экономика, менеджмент, маркетинг, қаржы саласындағы білім негіздерін игереді, олардықалыпты емес шешімдер іздеуде және инновациялық идеяларды жасауда қолданады.

ОН6 – Мектеп оқушыларының сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін оқыту мен бағалау стратегияларын қолданып формативті және суммативті бағалауды ұйымдастыруға қажетті критериалды бағалау технологияларын меңгереді, оқыту мен тәрбиелеудің міндеттеріне шығармашылықпен қарап, оқу және қашықтан оқу жағдайларында еркін бағдар жасай аладыжәне тиімді шешім табады.

ОН7– Командалық жұмыстарды жүзеге асыруға негіз болып табылатын жалпы адами құндылықтарды, академиялық адалдық принциптері мен

мәдениетінің маңыздылығын түсінеді,көшбасшылық қасиеттерді және зерттеушілік дағдыларды меңгереді, физикалық және руханидаму жетістіктеріне, салауатты өмір салтын ұстануға қабілетті.

ОН8– Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім жүйесін меңгереді, кәсіби қызметінде кәсіби құзереттіліктерді қолданады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда негізгі терминдердің мәнін, маңызды әдеби-тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын, оқытудың құрылымы мен мазмұнын, мектептегі жобалау, зерттеу жұмыстарының инновациялық әдістерін меңгереді, талдайды, оқу үрдісінде қолданады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндік пәндер (бұдан әрі – БейП) және олар МЖМБС 1 және 2-қосымшаларында келтірілген. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), ЖОО компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және БейП циклдары ЖК және ТК пәндерін қамтиды. БП және БейП циклі оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін зерделеуді қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы кәсіптік практиканың мынадай түрлерінен өтуді көздейді: 1 курста – оқу, 2 курста – психологиялық-педагогикалық, 3 курста – педагогикалық және 4 курста өндірістік және /немесе диплом алдындағы.

Білім беру бағдарламасы жеделдетілген оқу мерзімдерімен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды көздейді. Бағдарлама түлектері магистратурада оқуды жалғастыра алады, бұл оларға ғылым мен білім беруде қосымша мансаптық мүмкіндіктер ашу арқылы білімдерін тереңдетуге және біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тілдер және әдебиет теориясы кафедрасы осы ББ бойынша бітіруші болып табылады.

Мүдделі тараптардың түйінді талаптарын қамтамасыз ету және білім беру процесін одан әрі жетілдіру мақсатында білім беру бағдарламасын дамытуды жоспарлау және оны іске асыру үшін ресурстарды бөлу Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл қызметті жоспарлау институттың, кафедраның жоспарларында көрініс табады. Оған материалдық-техникалық базаны, электрондық-кітапханалық ресурстарды жақсарту, жаңа жабдықтармен жарақтандыру, білім беру процесін компьютерлендіру және ақпараттандыру, практикадан өту үшін базалар құру, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту бойынша жұмыс берушілермен келісімдер жасасу кіреді.

**Ағымдағы жағдайды талдау**

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ жеткілікті әлеуеті, толық білімі және оқытылатын пәннің ерекшелігін түсінуі, білім алушыларға оқу процесі шеңберінде білімді тиімді беру үшін қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

**2021 жыл бойынша 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ – 142 адамды құрайды.**

| Оқу жылы | Оқу түрі | Барлық білім алушылар | Грант бойынша білім алушылар | Ақылы негізде білім алушылар |
|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 6ВО1701 Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы (күндізгі 4 жыл) | 72 | 27 | 45 |
| | 6ВО1702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы (күндізгі 4 жыл) | 10 | 5 | 5 |
| | Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқитын 6ВО1701 Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы | 57 | - | 57 |
| | Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқитын 6ВО1702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы | 3 | - | 3 |
| | | | | |

Білім беру үдерісі жеткілікті әлеуеті, оқытылатын пәннің ерекшелігін толық білімі мен түсінуі, білім алушыларға оқу үдерісі шеңберінде білімді тиімді беру үшін қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру процесін жүзеге асыратын ПОҚ кадрлық құрамы:

1. Нурмухаметова Карлыгаш Турганбековна филология ғылымдарының кандидаты
2.Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы, филология ғылымдарының кандидаты
3. Мырзағалиева Күлзада Мешітбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты
4. Канапина Сәуле Ғалымбекқызы, филология ғылымдарының кандидаты
5. Бекбосынова Асия Хасанқызы, филология ғылымдарының кандидаты
6. Исова Эльмира Әділханқызы, филология ғылымдарының кандидаты
7. Ысқақова Шырай Қабдырахманқызы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің, өндіріс пен еңбек нарығының талаптарының қатысуымен қалыптасады және соңғы нәтижеге бағытталған.

**6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша қатерлердің әсерін азайту жөніндегі іс-шаралар**

| № | Ықтимал қатерлердің атауы | Оларды жою жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|---|
| 1. | ЖББ пәндері бойынша ББ іске асыратын ПОҚ дәрежесінің жеткіліксіздігі | ПОҚ академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін пайдалану, ПОҚ-ны магистратурада, докторантурада оқыту |
| 2. | ҒЗЖ нәтижесінің төмендігі | Республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу; |
| 3. | Білім алушылар контингентінің жеткіліксіздігі | Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту |

**ББ дамыту жоспары**

| № | Іс-шаралар | Индикаторлар мен орындау мерзімдері | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 | 2025-2026 | |
| **1. БББ мазмұнын жетілдіру** | | | | | | | |
| 1.1 | Білім алушылардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын іске асыру | | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 1.2 | Әлеуетті жұмыс берушілердің қатысуымен ББ жетілдіру | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 1.3 | Жұмыс берушілердің, стейкхолдерлердің ұсыныстарын ескере отырып, элективті пәндер каталогтарын әзірлеу, жетілдіру | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі |
| **2. Кадрлық әлеует** | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 | ПОҚ біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту, ғылыми дәрежелері бар оқытушыларды тарту | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 2.2 | Шеберлік сыныптарын өткізу үшін оқу процесіне отандық, шетелдік ғылыми-педагогикалық кадрларды тарту | | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 2.3 | Бірлескен жобаларды іске асыру, оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару мақсатында шетелдік әріптестермен байланыстарды жандандыру | | | + | | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| **3. Оқу процесін ақпараттық қамтамасыз ету және инновациялық білім беру технологияларын белсенді пайдалану** | | | | | | | |
| 3.1 | Мазмұны оқу процесіне ИКТ-ның заманауи трендтерін енгізуді ескере отырып жаңартылған БББ пәндерінің саны | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 3.2 | Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын, нысандарын, әдістерін, құралдарын енгізу | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 3.3 | БББӘ, ЭПК, ПОӘК әзірлеу | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 3.4 | Аралық аттестаттау, емтихан сессияларының нәтижелерін талдау, қорыту | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Эдвайзер |
| **4. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру** | | | | | | | |
| 4.1 | Оқу сабақтарын өткізу үшін мамандандырылған кабинеттер ашу | | | | + | | Кафедра меңгерушісі, ақпараттық бөлім |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Кітап қорын ұлғайту, жаңарту | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерішсі, кітапхана |
| 4.3 | Университеттің ПОҚ біліктілік арттыру курстарынан өту үшін қаржы бөлу | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, қаржы бөлімі |
| | **5. Ғылыми зерттеулердің сапасын, нәтижелілігін арттыру** | | | | | | |
| 5.1 | Академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу | | | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, интернационализация, академиялық ұтқырлықты басқару |
| 5.2 | Білім алушылардың жоғары оқу орындары арасындағы, республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалармен, мақалалармен қатысуын жандандыру | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 5.3 | Студенттердің шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға, олимпиадаларға қатысуы | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| | **6. Контингент қалыптастыру** | | | | | | |
| 6.1 | Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу, БАҚ, ТВ, әлеуметтік желілерде сөз сөйлеу | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| 6.2 | Ашық есік күнін ұйымдастыру, өткізу | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **7.Түлектердің жұмысқа орналасуы** | | | | | | | |
| 7.1 | Түлектердің жұмысқа орналасуының тұрақты мониторингі | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, ПОҚ, Мансап, Жұмыспен қамту орталықтары |
| 7.2 | Тәжірибе, тағылымдама базаларын кеңейту | + | + | + | + | + | Кафедра меңгерушісі, Мансап, Жұмыспен қамту орталықтары |
| **8.Білім беру бағдарламасының мониторингі** | | | | | | | |
| 8.1 | Түлектер арасында білім беру бағдарламасын бағалау туралы сауалнама жүргізу | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламалары бөлімі |
| 8.2 | Семестр аяқталғаннан кейін студенттер арасында пәндерді оқыту сапасы туралы сауалнама жүргізу | Жылына екі рет | Жылына екі рет | Жылына екі рет | Жылына екі рет | Жылына екі рет | Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламалары бөлімі |
| 8.3 | Өндіріс атынан тәжірибе жетекшілері арасында сауалнама жүргізу | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, тәжірибеге жауапты |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8.4 | Жұмыс берушілер арасында университет түлектерін даярлау сапасы туралы сауалнама жүргізу | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Жыл сайын | Кафедра меңгерушісі, Мансап және жұмыспен қамту орталығы https://practice.ksu.edu.kz/survey/ |

Тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының отырысында қаралды 27 қыркүйек 2021 жыл 8 хаттама

**Әзірлегендер:**

Тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі Нурмухаметова К.Т.

Академиялық комитеттің төрағасы Байжанова С.А.

**Жұмыс берушілер:**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ директоры Келінбердиева Ы.С.